

**2024 – 2025 оқу жылындағы
«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен
жасөспірімдер ұйымының жасаған
жұмыс есебі**



«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының жасаған жұмысының есебі

№ 39 қазақ орта жалпы білім беру мектеп-лицейінде «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы жұмысын жалғастырды. Мақсаты - өз ұлтының барлық дәстүрін, тарихын толық меңгерген, ойлау дәрежесі жоғары, өз бетімен шешім қабылдай алатын саналы азамат тәбиелеу жолында, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру.

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының жетекшісі, аға тәлімгер Құлшаева Гүлдана Тасқынбайқызы.

Аға тәлімгердің міндеттері:

1. Оқушылар арасында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуді қалыптастыру;
2. Жас ұрпақтың бойында адамгершілік, патриоттық сана - сезімді ұялату;
3. Жас ұрпақты тілін құрметтеуге, салтын сыйлауға тәрбиелеу;
4. Зиянды заттардың, нашақорлықтың пайдаланылуына жол бермеу.

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының 1 мектеп «Ұланбасы» және оның 1 орынбасары бар.

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы 7 – бағыт бойынша жұмыс жасайды.

1. Отан;
2. Зерде;
3. Руханият;
4. Салауат;
5. Еңбек;
6. Экоәлем;
7. Жеті жарғы.

2024-2025 оқу жылының қыркүйек айында «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы «Қалалық оқушылар сарайының» жылдық жоспарын басшылыққа ала отырып, жылдық жұмыс жоспары жасалынды.

2024-2025 оқу жылының 1 - қыркүйек күні, «Отан» бағытында мектебімізде «Мектебім - мейірім мекені» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді.

Мақсаты - білім күні үлкен мереке екенін балаларға жеткізе білу, сезіну білімге деген құштарлығын арттыру, еліміздің білімді, тәрбиелі азаматын елжандылыққа тәрбиелеу. Білім күніне арналған салтанатты жиынға Ақтөбе қаласының әкімі Бекет Азаматұлы қатысты.

Мерекелік салтанатты жиынның алғашқы сөзі Ақтөбе қаласының әкімі Бекет Азаматұлына берілді.

Мектеп директоры Кисикова Ақгул Мырзабековна жаңа оқу жылының басталуымен мектеп ұстаздарын, білім алушылары мен олардың ата - аналарын айтулы күнмен құттықтады.

1 - қыркүйек Білім күні әр адамның жүрегінде жақсы естелік қалдыратын, жарық та жылы сезімдерге толы ерекше күн. Бұл күннің әр адам баласы үшін жаңа білім, жаңа табыс, жаңа жетістіктерге жету бастамасы екені сөзсіз.

«Мектебiм - мейiрiм мекенi» тақырыбында өткен салтанатты жиында мектеп оқушылары мен мектеп табалдырығын аттаған 1 – класс бүлдіршіндеріне «Мектебiм – мейiрiм мекенi» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізіліп, білім күніне арналған салтантты жиын мерекелік әуенмен жалғасын тапты.



Қыркүйек айының 10 жұлдызы күні «Салауат» бағытында «Толағай» байқауы өткізілді.

Мақсаты-оқушылардың денсаулығын, белсенділігін нығайту, шапшаңдыққа, батылдыққа тәрбиелеу.

Сайыс 5 – кезең бойынша өткізілді. Әр бір кезеңдер бойынша тапсырмаларды командалар шапшаңдықпен, алғырлықпен, қайсарлықпен орындады.

Сайыс қорытындысы бойынша:

1. Жүлделі I орынға 5 «Ө» класы «Жүйріктер» командасы;
2. Жүлделі II орынға 5 «В» класы «Жалын» командасы;
3. Жүлделі III орынға 5 «А» класы «Тұлпар» командасы ие болып, марапатталды.



Қыркүйек айының 20 жұлдызы күні «Экоәлем» бағытында «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» тақырыбында таза сенбілік тазалық жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты- аумақты қоқыстан тазарту және оқушыларды тазалыққа, бірлікке, жауапкершілікке шақыру.

Қала көлемінде жүргізіліп жатқан қызу тазалық жұмыстарына барлық мектеп ұстаздары мен өзін – өзі басқару ұйымы, «Жас Ұландар» бір кісідей атсалысып, әрбір бөлінген мектеп аумақтарында тазалық жұмыстарын қарқынды жүргізді. Соның ішінде, мектеп ауласы, көшелер мен әлеуметтік нысандардың айналасын толық қамтыған тазалық жанашырлары қоқыс қалдықтарын шығарып, ортақ мекеннің көркеюіне өз үлестерін қосты.

«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» тақырыбында таза сенбілік аясындағы тазалық жұмыстарына 35 мұғалім, 18 оқушыдан құралған өзін – өзі басқару ұйымы және 15 оқушыдан құралған «Жас Ұландықтар» қатысты.

Тазартылған аумақтар бойынша тұрмыстық қатты қалдықтар, бөтелкелер мен қағаз қалдықтары шығарылды.

Бұл іс-шараға ұстаздар мен оқушылардың табиғатқа деген жақсы қарым-қатынасын қалыптастыруға және қаланың санитарлық жағдайын жақсартуға бағытталды.



Қазан айының 01 жұлдызы күні «Руханият» бағытында «Қарттарын қадірлеген ел ардақты!» тақырыбында қарттарды мерекемен мектеп оқушылары құттықтады.

Мақсаты - жас жеткіншектердің бойына үлкенді сыйлап,тыңдай білуге, халқының салт-дәстүрінен нәр алуға, инабаттылық пен мейірімділікке тәрбиелеу.

Қарттар күні мерекесіне орай өткізілген «Қарттарын қадірлеген ел ардақты!» тақырыбындағы мерекелік құттықтауға мектебіміздің оқушылары мен сынып жетекшілері белсенділікпен қатысты.





Қазанның 04 жұлдызы күні Ұстаздар мерекесіне орай «Руханият» бағытында «Дублер күні» өткізілді.

Мақсаты - мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру.

Дублер күніне үміткерлер іріктеліп алынып, нұсқаулықпен таныстырылды. Дублер күнінің штаттық кестесі бекітіліп, оған 5-11 сынып оқушылары қатысты. Мұғалімдер рөлінде 10-11 сынып оқушылары болды. Ұстаздар ішкі тәртіп ережелерін сақтай отырып, бақылаушы ретінде қатысты.



Қазанның 11-16 жұлдызы аралығында мектебімізде «Еңбек» бағытында «Күзгі асар» тақырыбында жәрмеңке өткізілді.

Мақсаты-күз байлықтарын тағамға қосу арқылы көкөністер мен жеміс-жидектердің құнарлылығын дәріптеу.

Білім алушыларды ауызбіршілікке, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Қайырымды игі іс жасауға дағдыландыру.

Сыныптар күз байлықтарынан түрлі тәттілер мен тағамдарды дайындап және қолдан дайындалған сусындар әкелді.

Барлық тағамдар қолжетімді бағада сатылып, мектеп оқушылары мен ұстаздары алғыстарын білдірді. Аталған іс-шараға 1-11 сыныптар мен сынып жетекшілері белсенділікпен қатысты.





Қазан айының 14 жұлдызы күні «Зерде» бағыты бойынша Р. Қошқарбаевтың 100 жылдығына арналған «Ең үздік математик» зияткерлік байқауы өткізілді.

Мақсаты- оқушылардың математикалық ойлау қабілетін дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру.

«Ең үздік математик» байқауының жұмысын тексеру қорытындысы:

№	Оқушының аты-жөні	Облыс	Сынып	Білім беру ұйымы	Ұпай саны
1	Нұрсәлім Адия	Ақтөбе	3 «А»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	15 ұпай
2	Түлебаев Батыр	Ақтөбе	3 «А»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	15 ұпай
3	Жилкайдаров Ибрагим	Ақтөбе	3 «Ә»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	13 ұпай
4	Мұрат Зерде	Ақтөбе	3 «Ә»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	9 ұпай
5	Қуаныш Ислам	Ақтөбе	3 «Б»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	16 ұпай
6	Калханова Кәусар	Ақтөбе	3 «Б»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	9 ұпай
7	Алпысбай Ұлжан	Ақтөбе	3 «В»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	10 ұпай
8	Азаматұлы Бақтияр	Ақтөбе	3 «В»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	10 ұпай
9	Ермек Аяна	Ақтөбе	3 «Г»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	12 ұпай
10	Сакен Муслим	Ақтөбе	3 «Г»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	9 ұпай

Комиссия мүшелерінің пікірлері

Математика пәнінен мектепшілік «Ең үздік математик» байқауының қорытындысы бойынша 5 - кластан 10 оқушы қатысты. Ең жоғарғы ұпай жинаған 3 «Б» класының оқушысы Қуаныш Ислам қалалық байқауға қатысуға ұсынылды.

Қалалық байқауға қатысуға дайындық жұмысын жүргізу пән мұғалімі және класс жетекшісі Кереева Самал Айтұрғановнаға жүктелсін.





Қазан айының 18 жұлдызы күні «Отан» бағыты бойынша «Өзін-өзі басқару Мектеп Парламенті» ұйымының «Мектеп Президентін» сайлауы өткізілді.

Мақсаты - өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, біліммен өзін – өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу.

«Мектеп Президентін» сайлауына 9-10 сынып оқушылары арасынан 5 үміткер өздерінің сайлау алды бағдарламаларын ұсынды.

«Мектеп Президенті» сайлауына өздерінің таңдауларын жасап, дауыс беруге мектебіміздің 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 сынып оқушылары және мектеп ұстаздары қатысты.

Өзін-өзі басқару «Мектеп Парламенті» ұйымының «Мектеп Президентіне» үміткер оқушылар және жинаған дауысы бойынша:

1. 9 сынып оқушысы Бақтығали Ұлдана 2 %;
2. 9 сынып оқушысы Серікова Арайлым 6 %;
3. 10 сынып оқушысы Тахлил Надир 19 %;
4. 10 сынып оқушысы Алимбай Ақнұр 21 %;
5. 9 сынып оқушысы Ақбай Раушан Нұрисламқызы 45, 5 %.

2024-2025 оқу жылында «Өзін-өзі басқару Мектеп Парламенті» ұйымының «Мектеп Президенті» атанған, 45, 5% дауыспен 9 «А» класс оқушысы Ақбай Раушан Нұрисламқызы сайланды.

Мектебімізде өткен Өзін-өзі басқару «Мектеп Парламенті» ұйымының «Мектеп Президентін» сайлауына мектеп оқушылары және мұғалімдері белсенділікпен қатысты.





Жетістік: «Мектеп Президентін» сайлауына № 39 мектеп-лицейінің 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 класс оқушылары белсенділікпен қатысты.

Ұсыныс: «Өзін-өзі басқару Мектеп Парламенті» ұйымының алдағы уақытта өз жұмысын жоғары деңгейде жандандырып, 8 фракция бойынша жоспарлы жүзде жұмыстары жоғарғы деңгейде жүргізілсін.

Қазан айының 24 жұлдызы күні «Отан» бағыты бойынша 25 – қазан Республика күніне орай, мектебімізде «Менің Отаным-Қазақстан!» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді.

Мақсаты-оқушыларды өз Отанын сүйюге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт – дәстүрін қастерлейтін саналы да парасатты азаматтарды тәрбиелеу.

9 сынып оқушылары «Қазақстаным менің!» хор әнін арнады. Мектебіміздің өнерлі қыздары «Қазақ» биін биледі. Өнерпаз балақайларымыз «Ақтөбем!» әнін шырқаса, Жаңбырбаев Арсен «Бақыт» әнін тарту етті.

Республика күні мерекесіне орай, көрермен оқушылармен қызықты викториналық ойын ойнатылды.

Оқушаларға қызықты сұрақтар қойылып, оқушылар белсенділікпен жауап берді.





Қараша айының 15 жұлдызы күні «Руханият» бағыты бойынша 3 сыныптар арасында мектепшілік «Miss&Mister» жұптық сайысы өткізілді.

Мақсаты- кішентай буынның қабілеттерін ашып, дарындарын ашу. Мектепшілік өткізілген жұптық сайысқа 5 жұп қатысты. Сайыс 3 кезең бойынша өткізілді.

Бірінші кезең «Танисың ба?» жұптардың таныстыруы, уақыт 2 минут. Екінші кезең «Ертегі әлемі» яғни бұл кезеңде әр жұптар таңдап алған ертегілерінің сахналық қойылымын көрсетті, уақыт 3 минут. Үшінші кезең «Дефиле».

Қатысушы жұптар қолдан дайындалған сәнді киімдерін киіп, сахнада жүріп өтті, уақыт 1 минут.

Сайысқа қатысушы жұптар әр бір кезеңдер бойынша белсенділікпен, тапқырлықпен, қызығушылықпен қатысып тамаша өнерлерін көрсетті.

Сайыс қорытындысы бойынша:

1. «Бас Жүлдеге» ие болған 3 «Г» сынып оқушылары Сакен Муслим мен Ермек Аяна;
2. Жүлделі I орынға ие болған 3 «В» сынып оқушылары Ахметов Алихан мен Қайрат Раяна;
3. Жүлделі II орынға ие болған 3 «А» сынып оқушылары Өтепберген Қадіржан мен Нұрсәлім Адия;
4. Жүлделі III орындарға ие болған 3 «Ә» сынып оқушылары Нұрболатұлы Нұрали мен Мырзағали Адия және 3 «Б» сынып оқушылары Жолдыбай Ержүрек пен Казыбекова Айару марапатталды.









Мектепшілік өткізілген «Miss&Mister» жұптық сайысының «Бас Жүлдеге» ие болған жұбы 3 «Г» сынып оқушылары Сакен Мүслим мен Ермек Аяна қалалық кезеңге жолдама алып, қалалық өткен «Miss&Mister» жұптық сайысында жүлделі I орынға және кино тетарға 2 билет сертификатына ие болды.

Жетекшілері: Нұрахметова Аружан және Құлшаева Гүлдана.





Желтоқсан айының 26 жұлдызында «Руханият» бағыты бойынша «Қош келдің, Жаңа жыл!» тақырыбында таңертеңгі уақытта 1,2,3,4 сыныптарға, түскі уақытта 5 және 6 сыныптарға (Мәжіліс залында) жаңа жылдық мерекелік іс-шара өткізілді.

Мақсаты-балалардың жаңа жыл мерекесіне деген қызығушылығын арттыру. Шырша әсемдігін, қыс келбетін сезіну. Жақсылыққа, достыққа, бір - біріне бауырмалдық көрсете білуге тәрбиелеу.

Желтоқсан айының 26 жұлдызы күні 7 және 8 сыныптар мен 9,10,11 сынып оқушылары арасында «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты жаңа жылдық мерекесі өткізілді.

Мереке қарсаңында мектеп (Мәжіліс залы) әсем безендіріліп шырша құрылды.

Мектептің безендірілуіне және мерекенің өтуіне «Мектеп Парламенті» белсене қатысты. Мерекелік бағдарлама барысында жаңа жылдық көріністер қойылып, көңілді флешмоб өткізілді.

Оқушылар қызықты қойылымдар тамашалап, ән айтып, би биледі. Аяз ата мен ақшақар оқушыларға тілектерін білдіріп, оқушыларға жаңа жылдық көңіл-күй сыйлады.

Жиналған көрермендер өте жақсы көңіл күйде болды. Нәтижесінде, мектебіміздің жаңа жылдық мерекесі «өте жақсы» деңгейде өткізілді.

Жаңа 2025 жыл әрбір шаңыраққа құт, береке, ырыс алып келсін!!!







Қаңтар айының 10 жұлдызы күні мектебімізде «Жеті жарғы» бағыты бойынша «Жемқорлықсыз бақытты шак» тақырыбында эссе байқауы өткізілді.

«Жемқорлықсыз бақытты шак» тақырыбындағы эссе байқауына 8-10 сынып оқушылары қатысты. Барлығы 18 оқушы қатысты.

Мақсаты-балаларды әдеби шығармашылыққа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ең үздік деп анықталған эссе 8 «Ә» сынып оқушысы Жәрдем Аружан

Данатқызы қалалық кезеңге ұсынылып, жүлделі ІІ орынға ие болды. Жетекшісі: Елеусизова Салтанат Усейнгазиевна.



Қаңтар айының 13 жұлдызы күні «Зерде» бағыты бойынша ЮНЕСКО Клубының 15 жылдығына арналған 4 сынып оқушыларына арналған «Ең үздік математик» зияткерлік байқауының мектепшілік кезеңі өткізілді.

«Ең үздік математик» байқауы 4 сынып оқушыларына ұйымдастырылды. Әр бір сыныптан 4 оқушыдан, барлығы 16 оқушы қатысты.

Мақсаты- оқушылардың математикалық ойлау қабілетін дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру.

«Ең үздік математик» байқауының жұмысын тексеру қорытындысы:

№	Оқушының аты-жөні	Облыс	Сынып	Білім беру ұйымы	Ұпай саны
1	Рысбаев Сұлтан	Ақтөбе	4 «Б»	№ 39 ҚОЖББЛ мектебі	15 ұпай
2	Таңатарова Лейла	Ақтөбе	4 «В»	№ 39 ҚОЖББЛ мектебі	13 ұпай
3	Ертуған Ернар	Ақтөбе	4 «Ә»	№ 39 ҚОЖББЛ мектебі	11 ұпай
4	Ерназаров Ғұмырат	Ақтөбе	4 «В»	№ 39 ҚОЖББЛ мектебі	11 ұпай
5	Тоғызбаев Имран	Ақтөбе	4 «Ә»	№ 39 ҚОЖББЛ мектебі	10 ұпай
6	Нұрманқызы Райан	Ақтөбе	4 «А»	№ 39 ҚОЖББЛ мектебі	10 ұпай
7	Марат Айя	Ақтөбе	4 «А»	№ 39 ҚОЖББЛ мектебі	7 ұпай
8	Марат Халима	Ақтөбе	4 «А»	№ 39 ҚОЖББЛ мектебі	9 ұпай
9	Сисенбаева Арайлым	Ақтөбе	4 «Ә»	№ 39 ҚОЖББЛ мектебі	9 ұпай
10	Өтеген Ясин	Ақтөбе	4 «Б»	№ 39 ҚОЖББЛ мектебі	8 ұпай
11	Базарбеков Алихан	Ақтөбе	4 «Б»	№ 39 ҚОЖББЛ мектебі	8 ұпай
12	Нүсіп Айару	Ақтөбе	4 «Ә»	№ 39 ҚОЖББЛ мектебі	7 ұпай
13	Есенгелдиева Диана	Ақтөбе	4 «В»	№ 39 ҚОЖББЛ мектебі	7 ұпай
14	Талғатбекова Жанерке	Ақтөбе	4 «В»	№ 39 ҚОЖББЛ мектебі	7 ұпай
15	Ахметова Мариям	Ақтөбе	4 «А»	№ 39 ҚОЖББЛ мектебі	6 ұпай
16	Жаксылыков Бекназ	Ақтөбе	4 «Б»	№ 39 ҚОЖББЛ мектебі	6 ұпай

Комиссия мүшелерінің пікірлері

Математика пәнінен мектепшілік «Ең үздік математик» байқауының қорытындысы бойынша 4 - кластан 16 оқушы қатысты. Ең жоғарғы ұпай жинаған 4 «Б» класының оқушысы Рысбаев Сұлтан қалалық байқауға қатысуға ұсынылды.

Қалалық байқауға қатысуға дайындық жұмысын жүргізу пән мұғалімі және класс жетекшісі Бітімбай Избасар Сырымұлына жүктелсін.



Қаңтар айының 14 жұлдызы күні «Руханият» бағыты бойынша «Би калейдоскопы» заманауи эстрада би байқауының қалалық кезеңі өткізілді.

Мақсаты- хореография өнерінің мұрасымен таныстыра отырып, өнерге баулу. «Би калейдоскопы» заманауи эстрада би байқауына мектебіміздің өнерпаз қыздарынан құралған команда қатысып, жүлделі II орынға ие болды. Жетекшісі: Бахтыбаева Аяжан Адиловна.



Қаңтар айының 24 жұлдызы күні «Руханият» бағыты бойынша мектебіміздің 7-8 сынып оқушылары арасында «Қауіпсіз дөңгелек» жол қозғалысы жас инспекторлар командалық байқауы өткізілді.

Мақсаты - жолда жүру ережелерін сақтау мен насихаттауға тәрбиелеу. Аталған байқауға мектебіміздің 7-8 сынып оқушыларынан құралған 5 команда катысты.

Командалық байқаудың ережесі 3 кезең бойынша өткізілді. 1-кезең «Саптық жүріс» (команда атауы, эмблема, ұран). 2 – кезең «Жол қауіпсіздік ережесін білесің бе?» (капитан командаларына арналған тест жұмысы). 3 – кезең «Біз полицияның жас көмекшілеріміз» (үгіт-насихат бригадасы).

Мектепшілік өткізілген «Қауіпсіз дөңгелек» жол қозғалысы жас инспекторлар командалық байқауының қортыныдысы бойынша:

1. «Бас жүлдеге» ие болған 8 «А» класы «Жалынды жасақ» командасы;
2. Жүлделі 1 орынға ие болған 7 «Д» класы «Қорған» командасы;
3. Жүлделі 2 орынға ие болған 8 «Ә» класы «Жас сақшылар» командасы;
4. Жүлделі 3 орындарға ие болған 7 «Ә» класы «Арыстан» командасы мен 7 «В» класы «Сақшылар» командасы ие болды.







Қаңтар айының 31 жұлдызы күні «Руханият» бағыты бойынша мектепшілік 9-10 сыныптар арасында «Бозбала мен бойжеткен» жұптық сайысы өткізілді.

Мақсаты - оқушылардың шығармашылық қабілеттерін анықтау. Жұптық сайысқа 9 «А», 9 «Б», 9 «В», 10 «А», 10 «Ә», 10 «Б» сыныптары қатысты.

Сайыс 3 кезең бойынша өткізілді. Бірінші кезең «Таныстыру», екінші кезең «Топжарған» (өнер сайысы), үшінші кезең «Саған сенемін» (экспромт тапсырма.)

Мектепшілік 9-10 сыныптар арасында өткізілген «Бозбала мен бойжеткен» жұптық сайысының қорытындысы бойынша:

1. Бас жүлдеге ие болған 10 «Ә» сынып оқушылары Құттығия Бекзат пен Бақтығали Камилла;
2. Жүлделі 1 орынға ие болған 9 «Б» сынып оқушылары Дарибаев Дидар мен Қажиахмет Гүлім;
3. Жүлделі 2 орынға ие болған 9 «В» сынып оқушылары Ерсайын Жанарыс пен Балыбекова Камилла;
4. Жүлделі 2 орынға ие болған 10 «Б» сынып оқушылары Мәлік Ислам мен Жанатова Ұлжан;
5. Жүлделі 3 орынға ие болған 9 «А» сынып оқушылары Есехаев Ерасыл мен Нұрлан Айша;
6. Жүлделі 3 орынға ие болған 10 «А» сынып оқушылары Базар Маді мен Шарипова Карина марапатталды.





Ақпан айының 10 жұлдызы күні «Жеті жарғы» бағыты бойынша дебат қозғалысының фракциясының мүшелері дебат клубының отырысын өткізді. Бұл отырыста клуб мүшелері мектепшілік дебат қозғалысы жайында пікір алмасып, ой бөлісті. Тәжірибе алмасты.

Отырысқа ДТІЖО С. Таяуова, аға тәлімгер Г. Құлшаева және тарих пәнінің мұғалімі Б. Диханова, «Дебат» фракциясының басшысы және белсенді мүшелері мен мектебіміздің дебатқа қатысушы 12 оқушысы қатысты.





Ақпан айының 14 жұлдызы күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектептеп кітапханасы мен «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұйымдастыруымен «Ыбырай-ұлы тұлға» әдеби-интеллектуалдық сайысы өткізілді.

Мақсаты-қазақ халқының алғашқы ұстазы өзіндік орны ерекше Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы туралы оқушылар білімін толықтыру. Өнегелі өлеңдері мен әңгімелерінен үлгі алуға, еліне, халқына, ұлы тұлғаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Тіл білімінің негізін салушы, ұлт мақтанышы Ы.Алтынсариннің шығармаларынан ғибрат алу, қазақ әдебиетін насихаттау, қоғамның кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру.

Аталған іс-шараға мектебіміздің 6 - сынып оқушыларынан құралған 3 команда қатысты. «Ыбырай-ұлы тұлға» әдеби-интеллектуалдық сайысының ережесі 3- кезең бойынша өткізілді.

1. **«Шежіре»** Ы.Алтынсариннің жеке өміріне қатысты сұрақтар. Экранда ұяшықтар беріледі, таңдаған ұяшықтың ішінде сұраққа шапшаңдықпен жауап беру;
2. **«Постермен жұмыс»**. Бұл кезеңде ақын туралы сұрақтар беріледі, жауабын постерге түсіріп, баяндау;
3. **Шығармашылық кезең: «Ыбырай әңгімелері»** Ы.Алтынсариннің шығармалары желісі бойынша сахналық қойылымдар қояды.

Командалық сайыстың қорытындысы бойынша:

1. 6 «Б» сынып «Алаш ұрпақтары» командасы жүлделі 1 орын;
2. 6 «В» сынып «Бірлік» командасы жүлделі 2 орын;
3. 6 «А» сынып «Дарын» командасы жүлделі 3 орын мен марапатталды.





Ақпан айының 28 жұлдызы күні «Руханият» бағыты бойынша, 1-наурыз Алғыс айту күнімен «Жасұландықтардың» ұйымдастыруымен «Алғысым шексіз» тақырыбында мектеп-лицейінің ұстаздарын мерекемен құттықтады.

Мақсаты - ризашылық пен алғыс, жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік беру, бір - бірімен үйлесімді қарым - қатынас жасай білуге үйрету.

Іс – шараға 16 оқушы қатысты.





Наурыз айының 6 жұлдызы күні «Руханият» бағыты бойынша, 8 – наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне орай қалалық «Көктем аруы» арулар байқауы өткізілді. Мақсаты - эстетикалық сұлулықтың дамуын қолдау.

Сайысқа қала мектептерінің 9-10 сынып оқушыларынан құралған арулар және барлығы 16 мектеп қатысты.

39 мектеп-лицейі атынан мектебіміздің 9 «В» сынып оқушысы Мадикызы Анель қатысып өзінің бағын сынады.

Сайыс ережесі 2-кезең бойынша өткізілді. Бірінші кезең «Таныстыру», екінші кезең «Өзінің өнерін» көрсету.

Мектеп-лицей атынан қатысқан аруымыз Мадикызы Анель «Көркем ару» номинациясы мен марапатталды. Жетекшісі: Шарединова Жамига Кантуреновна.







ДИПЛОМ

В нуруш Хаммадарилик «Йилдер кунин» орай уйюмдетирилган
«Кистен артуш» сулуиш бийленинде «Алтын дун» итениндеги бийиши

Signature: _____ Date: _____

OK, enough of that

МАРАПАТТАЛАДЫ

Revenues to C. H. H. H. H. H.

"BILIM QAZYNA" KIM

A. Cyanobacteria



**КУПОН НА
ОДНУ ПРОЦЕДУРУ
— СКИДКА 10%**

• **ANALISIS** • **CONCLUSIÓN** • **RECOMENDACIÓN**